# Айқын

# «Қоғамдар» неге құнықты?

**Келмеске кеткен КСРО-ның ыдырауына әсер еткен – ақын-жазушылар, өнер адамдары делініп жүр.**

Ондай шығармашылық құдіретті жоққа шығармаймыз. Бірақ сол жүйеде қолына қалам ұстағандардың, өнер адамдарының жағдайының жаман болмағаны хақ. Оның себебі қаламақы жүйесінің керемет жолға қойылғанында еді. Ал қазір ше? Бүгінгі жарытымсыз қаламақы жыртық қалтаға жұғын да болмайды. Сол жыртық қалтаны шама-шарқынша бүтіндеп беріп отырған бірден-бір қоғамдық бірлестік – «Қазақстан авторлары қоғамы» еді, оның да басынан дау арылмағалы бірнеше жылдың жүзі болды. Тіпті жабылып қалудың сәл ғана алдында тұр десек те болады.

«Даудың басы – Дайрабайдың сиыры» демекші, бәленің бәрі еліміз-де «авторлық қоғамдардың» жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай күрт көбейіп кеткенінен шығып отыр. Дәл қазір Қазақстанда алты бірдей авторлық қоғам тіркелген екен. Бір қарағанда бәрі де дұрыс секілді. Жеке қоғамдық ұйым құруға кім-кімнің де құқы бар. Бір ғана мекемені монополист еткенше, авторлық құқық саласында бәсекелестікті күшейтудің бір жолы да осы секілді. Бірақ... Сол қаптап кеткен авторлық қоғамдардан авторлардың құқы қорғалып отыр ма, өздері пайда көруде ме, әлде зиян шегуде ме? Бірден айтсақ, зиян шегіп отыр. Неге?

Даудың бәрі Қазақстан Республикасының авторлар және сабақтас құқықтары жөніндегі 1996 жылы 10 маусымда қабылданған заңына 2009 жылы ойланбай енгізілген 46-1 баптан шығып отыр. Әлгі бап аккредитациясы бар болса – бітті, авторлармен жасалған шартты бар-жоғына қарамастан, әлгіндей мекемелерге автор қаламақысын жинай беруге рұқ-сат беріп қойған. Бұл бап бойынша, егер 10-15 адам жиналып, жеке қоғам құрып, Әділет министрлігінің аккредитация комиссиясынан өтсе болды, ешкіммен келісімшартқа

отырмай-ақ, бүкіл Қазақстан авторларының да, дүниежүзі авторларының да қаламақысын жинай беруге толық хақысы бар болып шыққан. Яғни сіздің шартқа отыруыңызды қажет етпейді, сыртыңыздан өзіңізге тиесілі сыйақыңызды жинауға құқылы. Бірақ осы жоба арқылы заңға өзгеріс енгізіп, авторлық құқық саласында бәсекелестік болуы керек деп шешкендер қателесіпті, бұл әлемдік тәжірибеге де, өзіміздің ішкі заңдарымызға да қайшы екен. Халықара-лық құқық бойынша авторлар құқығына антимонополиялық заңнама талаптары жүрмейді екен. «Бәсеке» туралы ішкі заңымыздың өзінде бұл анық көрсетілген. Ол ғана емес, әлгі бап Азаматтық кодекске де қайшы! Айналып келгенде, заңға ойланбай енгізілген бір бап үш бірдей заңның оншақты бабымен қайшыласып тұр.

Осының салдарынан Қазақстан аумағында 2009 жылы Әділет министрлігінің аккредитация куәлігін алған «Абырой», «САП» (Союз авторов песень), «Демеу» деген ұйымдарға қоса 2015 жылы «НСП» (Национальный Союз Правообладателей), «КОУПИ» атты ұйымдар ашылып, ешқандай авторлардың рұқсатынсыз қаламақы жинауға кіріскен. Бірақ бұл ұйымдардың жұмысы авторлардың күнкөрісін мүлде төмендетіп жібер-ген. Өйткені жинаған қаржыны авторларға да, шетел авторларына да төлеуге сол ұйымдардың ешқандай мүмкіндігі жоқ. Оның себебі аталған ұйымдарға аккредитация куәлігін берген Әділет министрлігінің комиссия алқасы заң талаптарын мұқият қадағаламаған болып шықты. Оның ұңғыл-шұңғылын заңға сүйеніп шұқшия дәлелдеп жатпай-ақ қоялық. Қыс-қартып айтсақ, бірден аккредитация куәлігіне ие болған бұл ұйымдарға өзінің мүліктік құқығын тапсырған бірде-бір отандық авторлардың жоқтығын айтпағанда, ешбір шетел қоғамдарымен жасасқан келісімшарт жоқ екен. «Сондықтан олар әлемнің 142 елінің 2 миллионнан астам авторларының құқығына екіжақты келісімшарт жасау арқылы өкілеттілік етіп, екіжақты келісімшарт негізінде 3000-ға жуық отандық авторлардың мүліктік құқығын қорғап, осы салада 20 жылға жуық жұмыс жасап келе жатқан Қазақстан авторлары қоғамы мүшелерінің қаламақысын жинап, одан өз пайыздарын бөліп алумен шектеліп отыр.
Иесі табылмаған қаржыдан пайыз алудың өзі заңға қайшы екенін айтпағанда, тіпті жиналған қаржының 95 пайызын өз қажетіне жұмсап қойған ұйымдар анықталса да, оларға шара қолданылу орнына аккредита-ция куәлігі тапсырылып, жұмысын ары қарай жалғастыруға рұқсат берілуі мүлде түсініксіз» дейді «Қазақстан авторлары қоғамының» төрағасы Байғали Есенәлиев.
46-1 баптың автор құқығын қорғау саласына тигізген екінші үлкен залалы, автор шығармасын пайдаланушы мекемелермен арадағы көп жылғы үздіксіз еңбектенудің нәти-жесінде қалыптасқан жұмыс жүйесі бұзылған. Әріптестерінен алға озып, осы саладағы үздік атану үшін олар, автор шығармасын пайдаланушы мекемелерге (кафе, ресторан, түнгі клуб, концерттік ұйымдарға) «демингілік» ұсыныстар жасауға көшкен. Мұның соңы авторларды соңғы күнкөріс көзінен айырып отыр.
Осының бәрі Қазақстан авторлары мен шетел авторларының құқығына көпе-көрнеу жасалынып отырған қиянат.

Қазақстан авторлары қоғамы 2009 жылы басталған осы келеңсіздік туралы Парламенттегі екі палата төрағасына, еліміздің бас прокурорына, тіпті әділет министріне хат жолдап ешқандай нәтиже шығара алмапты. 2004 жылы бұл керағар бапты алып тастауға Әділет министрлігі мен ондағы зияткерлік меншік жөніндегі комитетінің өзі қарсы шыққан соң, не үміт, не қайыр.

«Ондағылар 2009 жылы заңға «аккредитация» дейтін институтты Ресей заңынан көшіріп енгізгенде, ресейліктердің оны өз заңдарына не үшін кіргізгенін түбегейлі зерттемеген. Ресейліктер оны авторлық құқық саласын жайлап бара жатқан берекесіздікті жою үшін әдейі енгізіп, әлемге танымал РАО-ға куәлік беріп, өзгесін аккредитациядан өткізбей

тастаған. Яғни Алексей Толстойдың өзі құрған қоғамды ғана қалдырған. Соның арқасында қаптап кеткен қоғамсымақтардың жұмысын тоқтатып, автор құқығын қорғау саласында тәртіп орнаған. Қазір 160 миллион халық бар ұлан-байтақ Ресейде авторлардың мүліктік құқығын жалғыз РАО ғана бақылай-ды. Жалпы, әлемнің бәрінде солай – Англия, Германия, Италия, Испания, Үндістан, Жапония, Бразилия, Мексика, т.б. дамыған елдердің бәрінде де – бір-бір қоғам. Ендеше, 17 миллион ғана халқы бар Қазақстанда қоғамсымақтарды қаптатып, авторлардың сыйақысын талан-таражға салудың қаншалықты қажеттілігі болды екен?! Демек, түбегейлі зерттеусіз өзгеден көшіре салған заңнама нұсқасы елімізде жап-жақсы жұмыс атқарып келе жатқан саланың быт-шытын шығарып, жемқорлық пен автор қаламақысының талан-таражға түсуіне алып келген. Алпауыт ел АҚШ-та үш авторлық қоғам бар екен. Халқының саны үш жүз миллион болса, ондағы үш қоғамның әрқайсысында кем дегенде 500 мыңға дейін мүше бар. Оның үстіне, АҚШ авторларының зияткерлік меншігі бүкіл әлемді жаулап алған, олардан құйылып жатқан авторлық сыйақы миллиардтаған долларды құрайды. Оның бәрін бір қоғамның игеруі қиын, өкімет органдарының бақылау мүмкіндігі қалмаған, сонан соң арнайы жарлықпен үш қоғамға бөліп тастауға мәжбүр болған. Үш жүз миллион халқы бар АҚШ-та үш қоғам болса, он жеті миллион халқы бар Қазақстанда бес-алты қоғамды қатар ашып тастау қай қисынға келеді?!

Оны айтпағанда, бұл жағдай бетімен осылай кете берсе, еліміздің имиджіне орасан залал тигізуі бек мүмкін. АҚШ пен Батыс елдері секілді алпауыт елдер түбінде өз авторларының құқығын қорғап, миллиардтаған айып-пұл салып жатуы да мүмкін ғой. Одан Құдай сақтасын! Қарабет болғанның көкесі сонда болар еді.
Оны айтып отырғанымыз, Ұлыбритания, Жапония елдерінен ескер-ту хаттар да келіп үлгерген. Тіпті СИЗАК-тың Шығыс Еуропа аумағы бойынша төрағасы Митко Шатал-башев мырза Украинада 21 қоғамның бар екенін айтып, ондағы оқиға бізде қайталанбас үшін ескерту жасапты. Бұл – елімізде етек жайған қателіктің шетелге де мәлім бола бастағаны.
Біздегі авторлардың емес, өздерінің қалтасының қамын күйттеген қаптап кеткен қоғамдардың жұмысын тоқтатуға, заңдағы қателіктерді түзетуге не кедергі, неге ешкім құлықсыз десек, әлгі мекемелердің ар жағында көзге көрінбейтін өте ықпалды адамдар отырған секілді. Әйтпесе сенатор Нұрлан Оразалин шығармашылық адамдарының жанайқайын Парла-мент мінберінен айтып, ол барлық ақпарат құралдарында берілген. Нәтиже жоқ.
Ендігі үміт – жаңадан жасақтал-ған Парламент Мәжілісінің депутаттарында! 2009 жылғы түзетулер мен толықтырулар кезінде заңға білместікпен еніп кеткен 46-1-бапты оңтайына қарай түзету солардың құзырында. Қаламақысы күннен-күнге азайып бара жатқан шығармашылық қауымның наразылығы күн санап күшеймесін десек, құлқынның қамы үшін елдің атына ұят келтірер заңсыз әрекеттерді тоқтатқан жөн!

Төреғали ТӘШЕНОВ